



# 33 МЕЖДУНАРОДНАЯ ВЫСТАВКА МОДЫ INTERNATIONAL FASHION EXHIBITION SPRING-2024

# CAF

CENTRAL ASIA FASHION

# 11-13 марта march 2024

Official organizer **caTEXPO**  
Официальный организатор

Казахстан, г. Алматы  
WWW.FASHIONEXPO.KZ

Алматыда 33-ші халықаралық сән көрмесі Central Asia Fashion аяқталды



Ашылу салтанатының құрметті қонақтары Central Asia Fashion Spring-2024 халықаралық сән көрмесі

Әлемнің түкпір-түкпірінен киім, аяқ киім және аксессуарлар шығаратын 200 – ден астам компания Орталық Азиядағы басты кәсіби іс-шара - Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесінде жаңа топтамаларын ұсынды.



Коллекцияның CAF халықаралық сән көрмесінде көрсетілімі

Өткізілген көрме маусымы соңғы бірнеше жылда жаңа қатысушылар саны бойынша рекордтық көрсеткішке жетті: ұйымдастырушылардың пікірінше, олардың саны 70% құрады, бұл ретте CAF тұрақты тұрғындары өз орындарын сақтап қалды.

Беларусь, Германия, Франция, Италия, Испания, Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Польша, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан, Түркия, Өзбекстан және Финляндиядан келген Spring-2024 маусымының топтамаларын сән индустриясының ұлттық бейінді қауымдастықтарының: Стамбул киім экспорттаушылар қауымдастығының (ІНКІВ), USAID Орталық Азиядағы сауда бағдарламасының, «Мәскеу экспорт орталығы» дербес коммерциялық емес ұйымының, Киров облысының экспортты қолдау орталығының, Удмурт Республикасының экспортты қолдау орталығының, сондай-ақ Ресейдің ұлттық аяқ киім одағы және «Euroshoes» аяқ киім көрмесі стратегиялық қолдауының арқасында кәсіби байерлерге таныстыру мүмкіндігі болды.



Бұл ретте, «Euroshoes» аяқ киім көрмесі Central Asia Fashion-де маңызды орын алды және Түркиядан, Германиядан, Италиядан және Ресейден аяқ киім мен сөмкелер шығаратын 25 компанияны біріктірді. Ресей Ұлттық аяқ киім одағының Бас директоры және «Euro shoes» негізін қалаушы Ян Беляев атап өткендей: *«Біздің негізгі мақсатымыз - бірігу. Біраз уақыт бұрын CAF ұйымдастырушыларында да осындай ой болды. Біз аяқ киім өнеркәсібінің күш-жігерін fashion-мен біріктіреміз деп шештік, олар бір-бірімен тығыз байланысты. Өткен маусымда небәрі 2 компания болды, ал бүгінде олардың саны 25-ке жетті, бұл көрме үлесінің 15% құрайды. Қатысушылар саны мен ұйымдастыру сапасы ең жоғары деңгейде және біз серіктес болғанымыз үшін шын жүректен ризамыз, өйткені бұл Орталық Азиядағы ең маңызды оқиға. Біз бұл бастамадан біздің ынтымақтастығымыз нығайған сайын жалғасады және күшейеді деп сенеміз».*



Көрменің ұйымдастырушысы, Сатехро бас директоры Метин Арслан және Ресей ұлттық аяқ киім одағының (NOBS) бас директоры және аяқ киім көрмесі «Евро shoes» топтамасының премьерасы Ян Беляев

«Central Asia Fashion» ашылу салтанатына Түркия, Ресей, Португалия және басқа елдердің құрметті қонақтары келді. CAF ресми делегациясының құрамында Түркияның Қазақстандағы Бас консулы Еврен Муддерисоглу, Стамбулдың ІТНІВ тоқыма және шикізат экспорттаушылар қауымдастығының Басқарма мүшесі Гюльсем Каябаши, Ресей Ұлттық аяқ киім одағының Бас директоры Ян Беляев, USAID Орталық Азиядағы сауда бағдарламасының жетекшісі Роберт Воетч, сондай-ақ халықаралық тәжірибесі бар имидж-стилист, Азия стилистері қауымдастығының және Style Session концептуалды стилизация мектебінің негізін қалаушы Мади Бекдаир бар.

Стамбул ІТНІВ тоқыма және шикізат экспорттаушылар қауымдастығының Басқарма мүшесі Гюльсем Каябаши: «2015 жылдан бастап біздің қауымдастық CAF-тың мүшесі, біз алып келген



ІТНІВ тоқыма және шикізат экспорттаушылар қауымдастығының  
Басқарма мүшесі Гюльсем Каябаши

78 компания көрменің 2,5 мың шаршы метрін алып жатыр. Түркия әлемде дайын киімді Қазақстанға экспорттау бойынша 6-орында және Еуропаға дайын киімді экспорттау бойынша 3-орында. 2023 жылы экспорт 368 миллион долларды құрады. Біз ынтымақтастығымызды жалғастыруды және өз ұстанымымызды нығайтуды жоспарлап отырмыз және Central Asia Fashion көрмесімен ынтымақтастықтың оң тәжірибесін көріп отырмыз» - деп атап өтті.



CAF Spring-2024 ашылу салтанатының құрметті қонағы, USAID-тің  
Орталық Азиядағы сауда бағдарламасының жетекшісі Роберт Воетч

USAID-тің Орталық Азиядағы сауда бағдарламасының жетекшісі Роберт Воетч: «CAF қатысушылары мен байерлерінің беделі бүкіл әлемге белгілі және осындай шараға қатысу және қатысушылар мен байерлерді жинау, сондай-ақ келісімшарттар жасау біз үшін үлкен мәртебе» - деді.

### **Central Asia Fashion көктемгі маусымына келушілер**

Ал көрменің 33-ші маусымына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей, Түркия, Қытай, Украина және Польшадан 7300 өз саласының майталман мамандары келді. Байерлер сән оқиғасының сәтті өтіп жатқаны туралы пікірлерімен бөлісті: ассортименттің ұсынылуы және брендтердің алуан түрлілігі кәсіби сатып алу мүмкіндіктерін кеңейтті.



CAF стендіндегі байерлер

### **CAF Spring-2024 Бизнес-конференциясы**

Дәстүрлі түрде келушілер арасында Central Asia Fashion бизнес-конференциясының ауқымды бағдарламасы үлкен қызығушылық тудырды. Танымал сарапшы, Қазақстандық қоғамдық пікір мен нарықты кәсіби зерттеушілер қауымдастығының (КАПИОР) президенті Наталья Оспанова қазақстандықтардың бірегей ерекшеліктерін, олардың мінез-құлық нормаларын, ерекшеліктерін, сыртқы келбеті мен стиліне қатынасын,



Қазақстандық қоғамдық пікір мен нарықты кәсіби зерттеушілер қауымдастығының (КАПИОР) президенті Наталья Оспанова

қаржылық матрицаны және қазақстандық шопингтің ерекшелігін көрсететін эксклюзивті салалық зерттеу деректерін ұсынды. Сондай-ақ, сарапшы отандастарымыздың өсіп келе жатқан «тұтынушылық патриотизм құбылысын» атап өтіп, жаңа Қазақстан тұрғындарының басты мәдени және ритейл-трендтерін атады.

Өз кезегінде жеке талдау сессиясында Nielsen IQ Kazakhstan коммерциялық директоры Мадина Сейсенғалиева қазақстандықтардың үнемдеуінің негізгі категорияларын атап өтіп, сондай-ақ сатып алушылардың әдеттері мен сұраныстарындағы әлемдік үрдістер туралы айтып берді.



CAF бизнес конференциясының спикерлері: Айжан Исаева, Елбегі Әбдиев, Милена Ершова, Евгений Данчев

БАҚ, PR, жарнама және SMM саласындағы мамандар қарқынды панельдік пікірталас барысында трендтердің әсері мен сән брендтерінің өз брендін жылжытуда жаңа БАҚ пайдаланудың маңыздылығын талқылады. Сарапшылар «бас тартудың» кең таралған тенденциясына қарамастан, кез-келген көлемдегі бизнес үшін ең бастысы - шешім қабылдаудағы батылдық пен жеделдік екеніне сенімді.

Сонымен қатар, «Орталық Азиядағы Глобализация» панельдік талқылауы аясында сарапшы-талдаушылар Орталық Азия өңірінде бизнесті дамытуға тұрақты мүмкіндіктерді растайтын бірегей деректерді ұсынды. Өз кезегінде авторлық киімнің жеке маркаларының негізін қалаушылар Қазақстандық Айгүл Қасымова мен Қырғызстандық Залқар Асқаралы халықаралық деңгейде креативті индустрияларды дамыту үшін кең мүмкіндіктердің ашылуы жөнінде ортақ пікір білдірді.



CAF бизнес конференциясының спикерлері: Наталья Оспанова, Залқар Асқарәлі, Айгүл Қасымова, Андрей Скуратов, Светлана Черненко, Милена Ершова

### **Кәсіби десант-стилисттер, кеңесшілер, мерчандайзинг талдаушылары**

CAF-қа кәсіби келушілер үшін нағыз сыйлық көрменің жұлдызды сарапшыларымен ынтымақтастығы болды. Мәселен, халықаралық тәжірибесі бар имидж-стилист, Азия стилистері қауымдастығының және Stylesession концептуалды стилизация мектебінің негізін қалаушы Мадина Бекдаир мен оның командасының шеберлік сағаттары мен семинарларына көптеген қонақтар келді. Үш күн бойы арнайы стендте келушілер

кәсіпқойлардың жеке кеңестерін, «бір сағатқа стилист» қызметін пайдалана алды, сондай-ақ сату, ассортимент және мерчандайзинг бойынша көптеген ұсынымдар алуға мүмкіндіктері болды.

Семинарлар аясында Мади Бекдаир клиенттердің бүгін өзіне нені және не үшін сатып алатынын айтып берді, сарапшының пікірінше, бөлшек саудадағы көптеген әдістер енді жұмыс істемейді.



CAF бизнес бағдарламасының хедлайнері, имидж-стилист, Азия стилистері Қауымдастығының негізін қалаушы және Style session мектебінің Мади Бекдаир

Көрменің бизнес-бағдарламасы келушілерді жаңа жобаларымен қуантуды жалғастыруда. Мәселен, жаңа көктем маусымында көрменің үш күнінде «SMM мектебі» жұмыс істеді. Оның резиденті – «MSB/практикалық интернет-маркетинг мектебінің» негізін қалаушы Майгүл Бургембаева сән бизнесінде жарнаманың тиімділігі, бизнесті онлайн ілгерілету және бюджетті оңтайландыру бойынша fashion саласының мамандарына кеңес берді. Сонымен бірге, сарапшы мамандандырылған «Бос орындар жәрмеңкесі» форматында SMM-мамандарды тегін іріктеуді жүргізді және бірден стендте жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілермен әңгімелесу өткізді.

Brand Sense визуалды мерчандайзинг агенттігінің негізін қалаушы Олег Темников бастаған талантты мерчандайзерлердің көрмеге қатысуы қызықты әрі пайдалы болды. CAF бизнес-конференциясының финалында сарапшылар бизнес-бағдарламаның тағы бір жаңа форматы – «зияткерлік баттл» қатысушылары болды және визуалды мерчандайзинг, витринистика және сауда кеңістігін безендіру тақырыбында ойларымен бөлісті.

### **Анықтама үшін:**

Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесі Алматыда 2006 жылдан бері жылына екі рет өткізіліп келеді. Қазір CAF-бұл киім өндірушісінен сенімді серіктес табуға, топтамаларды жеткізуге тапсырыс беруге, дистрибьюторды іздеуге, сондай-ақ кәсіби дамуға барлық жағдай жасалған алаң. Әр маусымда іс-шараға бүкіл Орталық Азия өңірі мен ТМД елдерінің fashion саласының мамандары қатысады. Көптеген қатысушылардың стендтерінде топтамаларға алдын ала тапсырыс беру және сатып алу жүргізіледі, подиумда байерлердің және дизайн сән көрсетілімдері өтеді, бизнес-аймақ бейінді бизнес-конференциямен ұсынылған, оның шеңберінде панельдік пікірталастар, талдамалық сессиялар, тақырыптық семинарлар өтуде. Expo-business-show көрмесінің барлық үш негізгі элементі мәмілелер жасауға және бизнес-процестерді белсенді жүргізуге бағытталған.

Көрменің негізгі бөлімдерінде 40-тан астам тауарлар тобы ұсынылған. Байерлер мен қатысушылардың тиімді жұмысын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырушылар, CATEXPO көрме компаниясы арнайы Байер бағдарламасын - Hosted Buyers бағдарламасын жүргізеді, соның

арқасында Орталық Азияның барлық аймақтарынан келген байерлер САҒ-қа қаржылық шығынсыз қатыса алады.

САҒ Autumn-2024 күзгі көрме маусымы биыл 18 - 20 тамыз аралығында Elite Line мамандандырылған аяқ киім, аң терісі, былғары және аксессуарлар көрмесімен бірге өткізіледі. Барлық көрмелердің өтетін орны - Алматы, «Атакент» ҚІҮО, 10 және 11 павильон.